

Гүлдана Мұхтарбекқызы

Нұрсәуле Тілдабаева

GAMER BALA

Тоғыз құпия

Балаларға арналған әңгімелер

Астана-кітап
Алматы, 2021

ӘӘЖ 821.512.122.-93
КБЖ 84(5 каз.)
М 86

Мұхтарбекқызы Г., Тілдабаева Н.

М86 GAMER BALA. Тоғыз құпия: Балаларға арналған әңгімелер. / Г. Мұхтарбекқызы, Н. Тілдабаева: — Алматы: Астана-кітап, 2021. — 386.

ISBN 978-601-7821-81-4

Бүгінгі күннің балалары технологиямен бірге өсіп жатыр. Геймер Санжар түрлі видео ойындар ойнап, уақыт өткізеді. Ол ойындарда Дем, Ақылды ара, Құмырсқалар капитаны және Балапанмен достасып, шытырман оқиғаларға тап болады. Осылайша, ол табиғатты аялауды, еңбекқор әрі мейірімді болуды, денсаулықтың қадірі мен тазалықтың не екенін үйреніп, кейіпкерлермен бірге дамиды.

Түрлі тапсырмалардан тұратын кезеңдерден Санжар қалай өтті? Өзіне қандай жаңалықтар ашты? Осы және басқа сұрақтарға жауап табу үшін Санжармен бірге видео ойындар әлеміне саяхатқа шақырамыз!

Кітап бастауыш сынып оқушыларына, мұғалімдер мен ата-аналарға арналады.

ӘӘЖ 821.512.122.-93
КБЖ 84(5 каз.)

ISBN 978-601-7821-81-4

©Астана-кітап, 2021

ТОҒЫЗ ҚҰПША



Құрметті оқырман!

Санжар шаң басқан бөлмеде компьютер ойнап отырады. Кенеттен виртуалды кейіпкер Деммен танысады. Дем мен Санжар адам ағзасына саяхаттайды. Ойын барысында дене мүшелерін жақыннан тану Санжарға ерекше әсер берді. Ойын арқылы денсаулық пен тазалықтың маңызын түсінеді.

Дем Санжарға адам ағзасының құпияларын ашты. Дұрыс тамақтану мен уақытылы ұйықтаудың маңызы қандай? Жүректі қалай таза ұстауға болады? Таза ауаның пайдасы неде?

Әңгімелер жинағын оқыған әр бала адам өміріндегі басты құндылық – денсаулық екенін түсінеді. Дене мен жан саулығы, жүрек тазалығы, дұрыс тамақтану, уақытылы ұйықтаудың пайдасын көреді. Баланың зиянды нәрселерден аулақ болып, салауатты өмір салтын ұстануында бұл әңгімелер таптырмас көмекші құрал болмақ.

Жеңіл тілмен жазылған оқиғалар қызықты өлең жолдарымен өрілген. Бұл өлеңдерді бала тез жаттап алады. Ойын тапсырмалары кейіпкердің қойған сұрақтарына оқырманның өз бетімен жауап табуына ынталандырады. Санжармен бірге ойын сапарына аттанып, адам ағзасын бірге танып-білуге шақырамыз!

Мазмұны

Түшкіру	6
Мұрын	10
Тамақ пен тіс	12
Өкпе	14
Асқазан	16
Ішектер мен су ішудің пайдасы	20
Қан тамырлар	24
Жүрек	28
Ми	30
Жақсы ұйқы	32

Түшкіру

Түскі сағат он екі. Санжар шашы ұйпа-тұйпа болып ұйқыдан тұра сала компьютерді қосты. Бөлмесінің шаңтозаңынан мұрны қышып, түшкіріп қалды.



- Сау бол!
- Рақмет! – деді Санжар.
- Бұл кім екен?
- Бұл – менмін! Мен – Деммін, жасанды интеллектімін,
- деді компьютердің ар жағынан бір дауыс.

